**Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанның Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-20 қарашадағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 қараша N 1545

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту және екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанның Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-20 қарашадағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде накты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының партия комитеті хатшысының ресми сапарын өткізуге, оның ішінде шетелдік қонақтардың тұруына 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаражат бөлсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 29 қарашадағы
N 1545 қаулысымен
бекітілген

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (бұдан әрі - ҚХР ШҰАА) партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанның Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 16-20 қарашадағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шаралардың

ЖОСПАРЫ

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Іс-шараға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ҚХР ШҰАА партия комитеті Хатшысының ресми сапарын өткізу бағдарламасын дайындау | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | ҚХР ШҰАА делегациясының құрамын келісу | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | ҚХР ШҰАА партия комитеті хатшысының сапарын өткізу жөніндегі шығыстар сметасын дайындау | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Ресми делегацияны және бірге жүретін адамдарды Алматы және Астана қалаларының әуежайларында күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министр. лігінің Кеден комитеті, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 6 | Алматы және Астана қалаларының әуежайларында VIP залдарды | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дайындау | | Астана және Алматы қалала. рының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 7 | Делегацияға көліктік қызмет көрсету | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқар. масы (келісім бойынша), Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 8 | Делегация басшысы мен бір мүшесін Астана қаласындағы "Окан "Интерконтиненталь-Астана" қонақ-үйінде және Алматы қаласындағы "Риджент-Анкара" қонақ үйінде орналасуын және тамақтануын қабылдаушы тарап есебінен ұйымдастыру | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқар. масы (келісім бойынша) |
| 9 | Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар әзірлеу | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ҚХР ШҰАА партия комитетінің хатшысымен сұхбатына тезистер мен ақпарат. тық-талдау материалдарын дайындау | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 11 | Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К.Тоқаевтың ҚХР ШҰАА партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанмен кездесуін ұйымдастыру | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 12 | Алматы қаласында Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің ҚХР ШҰАА партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанмен кездесуін ұйымдастыру | 2001 жылғы 17-18 қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы облысының, Шығыс Қазақстан облысының, Алматы қаласының әкімдері |
| 13 | Астана қаласында Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі басшыларының ҚХР ШҰАА партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанмен кездесуін ұйымдастыру | 2001 жылғы 19-20 қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 14 | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі атынан ресми қонақасы беруді ұйымдастыру | 2001 жылғы қараша | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК